

КазНУ участвует в COMSATS

В Тяньцзиньском институте промышленной биотехнологии (КНП) прошло 22-е заседание координационного совета COMSATS.



В нем приняли участие около 40 известных зарубежных экспертов, руководителей научно-исследовательских центров и университетов стран-участниц COMSATS, представители городского муниципалитета города Тяньцзинь, Министерства науки и технологии Китая, Китайской Академии Наук, международных организаций TWAS и ЮНКЕСО, дипломатического представительства Пакистана в Китае. Следует подчеркнуть, что КазНУ им. аль-Фараби - единственный вуз на территории СНГ, являющийся членом COMSATS (Комиссия по науке и технологиям в целях устойчивого развития на Юге).

С докладом о деятельности университета, связанной с сотрудничеством Юг-Юг, и трехстороннем сотрудничестве выступил проректор КазНУ Тилеккабул Рамазанов. Были озвучены итоги совместной работы с передовыми центрами и планы на ближайшее будущее.

Координационный совет COMSATS обсудил вопросы изменения климата и его негативные последствия. Ученые особо отметили возможности сотрудничества по подготовке и дальнейшему обучению специалистов, проведению научно-исследовательских работ на базе Центра в рамках стипендиальных программ CAS, RIFI, UCAS.

На заседании было принято решение о назначении профессора, д-ра Ашрафа Шаалана (Египет) почетным пожизненным членом Координационного совета и его

переизбрани председателем Координационного совета на новый трехлетний срок.

Обсуждая повестку дня, совет с удовлетворением отметил прогресс, достигнутый в создании Центра COMSATS по климату и устойчивости (CCCS), который был открыт в 11 центрах превосходства из 22.

Следует отметить, что ноябре 2018 года было принято решение об открытии центра CCCS на базе КазНУ. Во время выступления заместителя декана факультета географии и природопользования КазНУ Даны Шокпаровой, состоялась презентация результатов деятельности Центра, отмены возможности сотрудничества с другими Центрами и сайт.

На совещании было опубликовано коммюнике, в котором Йеменскую Республику приняли в качестве 27-го государства-члена COMSATS.

Участники заседания посетили лаборатории Тяньцзиньского института промышленной биотехнологии Академии наук Китая. Данная организация является одной из передовых в сфере биоинжиниринга и биотехнологий.

Следующее (23-е) заседание Координационного совета будет организовано Международным Центром химических и биологических наук в городе Карачи, Пакистан.

Соб. корр.

ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

15 мамырда Астана Халықаралық Қаржы орталығымен және Катар Хамад Бин Халифа университетімен ынтымақтастық негізінде, ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінде бірегей Исламдық қаржы орталығы ашылады.

Ғылыми және білім беру «Ислам қаржы орталығын» құрудың негізі Исламдық қаржы және қазіргі заманғы қаржылық технологиялар саласында кадрлар даярлау жөніндегі бастамалар болды. Оқу бағдарламалары Исламдық қаржы саласындағы көшбасшы Хамад Бин Халифа университетімен бірлесіп әзірленіп, Астана халықаралық қаржы орталығының қолдауымен нақты сектор талаптарына бейімделген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Исламдық қаржы аясындағы білімді ұлттық деңгейде де, бүкіл Орталық Азия аймағына да мультипликациялауды мақсат етіп қойып отыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде Исламдық қаржы бойынша теориялық және тәжірибелік қаржылық сауаттылықты арттыру, Исламдық банк секторын жандандыруға, сондай-ақ Исламдық бағалы қағаздар биржасының субъектілерінің санының өсуіне ықпал етеді.

Шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, Хамад Бин Халифа Университетінің (Катар) президенті Ахмад М.Хасна, «AIFC Administration» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Ернұр Рысмағамбетов, Аймақтық нарықты дамыту жөніндегі менеджер, Refinitiv Эдуард Кан, факультет басшылығы АХҚО және Хамад Бин Халифа университетінің өкілдері

Сонымен қатар, экономика және бизнес жоғары мектебінде Исламдық қаржыландыруды дамыту және келешегі мәселелерін талқылау тақырыбында дөңгелек үстел өтеді.

СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ

Результатом 20-летнего сотрудничества КазНУ имени аль-Фараби, научно-исследовательского института химии и Международного центра химических и биологических наук университета Карачи стало открытие научной лаборатории инновационных исследований.

Совместный проект университетов реализован при содействии Комиссии по науке и технике для устойчивого развития стран Юга (COMSATS). КазНУ является единственным вузом из стран СНГ, входящим в данную международную организацию.

Исследовательская работа проводилась в области биоорганической химии, фармакологии, химии высокомолекулярных и природных соединений.

За это время были оформлены 15 патентов РК и опубликовано около 70 статей в международных научных журналах. «Открытие совместного научного центра-лаборатории выведет наше сотрудничество на качественно новый высокий уровень.

Продолжение на 2 стр.



Баландиннің ЖЕҢІСІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты Дмитрий Баландин жүзуден Будапеште өткен Champions Swim Series-тың екінші кезеңінде қола жүлдеге ие болды.

Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин 2:10.73-та брасс әдісімен 2000 метр қашықтықты бағындырды. Аталмыш әлемдік турнирдің жеңімпазы ресейлік Антон Чупков болса, екінші орында - жапониялық Иппэй Ватанабэ алды. Сайыстағы уақыт көрсеткіші Дмитрийге Олимпиада-2020 лицензиясын алуға мүмкіндік берді. Соңғы серияны 31 мамыр мен 1 маусым аралығында Индианаполисте (АҚШ) бастайды.

Дмитрий Баландин әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дене тәрбиесі және спорт кафедрасының бакалавриатын бітіріп, қазіргі таңда Заң факультетінің магистранты болып табылады. 2016 жылы Дмитрийдің құрметіне ҚазҰУ-да жаңа бассейн ашылды.

Баспасөз қызметі

РЕКТОРАТ

БІЛІМ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Кезекті ректорат мәжілісі қалыптасқан дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстап, білім беру саласында жетістікке жеткен оқытушыларды марапаттаудан басталды.

Марапаттау рәсімінен кейін білім беру бағдарламаларын реестрге енгізу туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Аскар Хикметовтің баяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша, биылғы жылы факультеттерде ағылшынша білім беру бағдарламаларында оқитын студенттердің контингентін арттыру қажеттігін алға тартып, ЖАОК пәні бойынша оқуды сәтті аяқтаған сыртқы тыңдаушылар, жазғы мектептерге тартылған шетелдік тәлім алушылар мен тәжірибеден өтушілерге баса назар аударды. Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында ағылшын тілі бойынша сертификатталған оқытушы-профессорларды тарту, студент алмасу бағдарламасынан тыс оқуға тартылған шетелдік студенттер, қос диплом және бірлескен білім беру бағдарламалары және басқа да бағыттар бойынша әр факультет деңгейіндегі пайыздық көрсеткіштерді атап өтті. Сондай-ақ ол барлық факультеттердің ұсынған білім беру бағдарламаларына жекелей сараптама жасады.

Кезекте ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы Рената Құдайбергенова «Times Higher Education» (THE) нұсқасы бойынша Азия университеттерінің рейтингісінің қорытындысы туралы баяндама жасады. «Аталған рейтингте ҚазҰУ Қазақстандағы

жалғыз жоғары оқу орны ретінде Азия елдерінің 251-300 үздік университеттерінің қатарына енді. Университеттер рейтингісін құру барысында университеттердің ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігі, оқытушылар құрамының және жүргізілетін зерттеулердің деңгейі, ғылыми мақалаларды жариялау және дәйексөз келтіру, халықаралық ынтымақтастық және басқа да көрсеткіштер бойынша ескерілді», – деді басқарма басшысы. Сонымен қатар, ол Scopus дерекқорында SJR-і нөлден жоғары индекстелген ашық қолжетімді және Хирша индексі жоғары журналдарда жарияланған ОПК-ның ғылыми мақалалары санын арттыру, кафедра профессорлық-оқытушылық құрамының соңғы 5 жылдағы басылымдар санына қатынасы, Scopus халықаралық дерекқорында индекстелген халықаралық ғылыми конференциялар, Scopus-та индекстелген журналдарда білім алушылардың мақалалары санын көбейту бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ мәжіліс аясында өзге де өзекті мәселелермен қатар, университеттің 85 жылдығына және Түлектер қауымдастығының 25 жылдығына арналған II түлектер форумына дайындық барысы кеңінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

QYSQA-NUSQA

Qыр Shygys kafedrasynyñ Japonia men Ortalyq Aziyа zertteу ғылыми-bilim berу ortalygy (Sыkыba Yniversitetiniñ Almatydaғы keñsesi) «Kampýstaғы kampýs» jobasy aiasynda Sыkыba Yniversitetimen birlese otyryp, «Japon tilin úretу jáne pragmatikalыq zertteу» taqyrybynda kezekti onlain konferensia ótkizdi.

Eki Yniversitet arasyndaғы yntymaqtastyq týraly kelisim osydan tórt jyl buryñ jasalған bolatyn. Bul yntymaqtastyqtyñ basty ereksheлиги – «Kampýstaғы kampýs» (CIC) bastamasy. Bul kelisim júzege asyryla bastaғanнан keiin, seriket eki Yniversitet ulttyq jáne instýtýsionaldyq tosqaуylysyз ózderine qajetti zertteу resýrstaryñ ózara tiimdi paidalaný múmkindigine ie boldy.

Dáris barysynda Sыkыba Yniversitetiniñ profesory Ono Masaki qazirgi kezde Japoniada japon tilin úrenу ereksheлиkteri týraly, sheteldikterge арналған «Yasashii nihongo» арнайы kýrsy týraly autyp berdi. Dáris soñynda profesor Japontanyñ kafedrasynyñ oqytýshylarynyñ suraqtaryna jaуap berdi.

Bizdiñ Yniversitetiñ qabyrgasynda osynda is-sharalardy ótkizу jaqsy dástúrge analdy. Onlain leksia jalpy japontanyña qatysty ғылыми-praktikalыq máselelerdi birge talqylap, járinbe alması úshin yñғaily alañ bolyp tabylady. Osynda birikken is-sharalalarydyñ arqasynda eki Yniversitet arasyndaғы qarym-qatynas kúsheie túsip, yntymaqtastyq ár salada órbidi.

Óntústik Koreianyñ «KoreaYWCAá úkimettik emes uymy QazUY-dyñ Qыр Shygys kafedrasynyñ stýdentterine bes myñ AQSH dollary somasyна korei ulttyq kostúnderin tabystady. Atalған uym ókilderiniñ atýynsha, olar Qыр Shygys kafedrasynyñ qyzmetin óntústikkoreialyq buqaralыq aqparat quraldarynyñ betterinde burynnan baqylap keledi. Bul olardy arnary Almatyға kelip QazUY-dyñ kafedra oqytýshylary men stýdentterimen kezdesýine túrtki boldy.

2019 jyly Qazaqstan Respýblikasynyñ Tuñgysh Prezidenti N. Nazarbaev jarialaғan «Jastar jyly» aiasynda, sonda-aq QazUY-dyñ qyzmetin qoldaу jáne moyndaу retinde Óntústik Koreianyñ úkimettik emes uymy Korei ulttyq Hanbok kiimderiniñ tarihyмен tanystyrdy. Qыр Shygys kafedrasynyñ stýdentterine ádemi korei kiimderin berу úshin atalған uymnyñ prezidenti L1 G1 Ok hanyñ men basqa da ókilderi keldi.

Olar korei Hanboktaryn kiу rásimin kórsetip, kóne zamannan beri korei kostúminiñ dástúri týraly baıandap berdi. Aıta keterligi bul uym jastar qozғalysy aiasynda «Álemdi ózгertetin áyeler» uranyn ustatýda.

Sonda-aq, Óntústik Koreianyñ úkimettik emes uymynyñ qonaqtary Yniversitetpen yntymaqtastyq jasaуға daıyn ekendikterin jetkizip, kelesi joly kafedraға myzykalyq aspартar men bi bileýge арналған buymdardy syға tartýға niet bildirdi. Óz kezeginde, stýdentter kelesi kezdesýde, Óntústik Koreiadan asqan súispenhilikpen jetkizilgen korei kostúnderinde óner kórsetemiz dep sendirdi.

ERASMUS + baғdarlamasy бойынша ál-Farabi atyndaғы QazUY-dyñ mehanika-matematika fakúltetine Litvanyñ Gediminas atyndaғы Vlnús tehnikalyq Yniversitetiniñ profesory Dr. Edgar Sokolovskij men Dr. Jonas Matijošius is saparmen keldi.

Sapardyñ maqsaty - mehanika salasыnda tájiribe men bilim alması. Olar qysqa merzimdi saparlaryñ mehanika kafedrasynyñ stýdentteri men oqytýshylary úshin «Jol-kólik oqıғalaryñ tekserу» (profesor Dr. Edgar Sokolovskij) jáne «Kólik mashinalarynyñ ishten janу qozғaltqyshtary úshin biootyñ» (profesor Dr. Jonas Matijošius) taqyryptarynda dárister oqýға anady.

Sapar barysynda mehanika kafedrasynyñ profesorylyq - oqytýshylyq quramymen kezdesу ótti. Kezdesу barysynda mehanika salasыndaғы yntymaqtastyqtyñ keleshegi talqylandy, stýdentterdiñ akademialyq utqyrylғы máseleleri qaraldy.

Соб. корр.

СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ



науки Чаудри награжден многочисленными почетными наградами. Он обладатель степеней бакалавра - по специальности «химия, биохимия и биотехнология», магистра - по специальности «органическая химия» в университете Карачи, доктора философии - в Н. Е. Ж. Исследовательском Институте химии, в 2005 году ему присвоено звание доктора наук.

Икбал Чаудри - почетный профессор многих университетов мира. Имеет свыше 1000 научных публикаций, из которых более 59 книг, опубликованы в ведущих международных изданиях США, Европы и Азии. На

сегодняшний день он является одним из самых цитируемых ученых международного уровня.

«Выражаю свою искреннюю признательность за наше плодотворное сотрудничество, которое продолжается вот уже порядка 20 лет. Наши совместные усилия привели к реализации уникального проекта. Я верю в то, что в дальнейшем мы с вами сумеем сохранить и приумножить наши партнерские отношения», - сказал Чаудри на открытии центра.

Соб. корр.

Продолжение. Начало на 1 стр.

Такая международная коллаборация позволит выполнять актуальные для обеих стран проекты и эффективно интегрироваться в мировое научное сообщество, и что особенно важно, внесет значительный вклад в подготовку высококвалифицированных и конкурентоспособных молодых кадров Казахстана», - отметил Тлеккабул Рамазанов, проректор КазНУ по научно-инновационной деятельности на презентации проекта в Карачи.

Меморандум о сотрудничестве, подписанный вузами, предусматривает совместную подготовку на базе центра научных кадров, разработку и реализацию исследовательских работ и проектов в области фитохимии, биомедицины, производства лекарственных препаратов и продукции на основе растительного сырья.

Важно отметить участие в уникальном проекте профессора Икбала Чаудри, директора Международного центра химических и биологических наук университета Карачи. На протяжении многих лет он тесно сотрудничает с кафедрой химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ, в рамках программы подготовки PhD студентов ежегодно читает лекции и проводит научные семинары по современным проблемам химической науки. За весомый вклад в развитие химической науки, подготовку конкурентоспособных специалистов и многолетнее сотрудничество выдающемуся ученому-химику, присвоено звание «Почетный доктор КазНУ им. аль-Фараби».

Его научная, организаторская деятельность широко известна не только в Пакистане, но и за ее пределами. За достижения и неоценимый вклад в развитие мировой химической

На факультете медицины и здравоохранения произошло знаковое событие – подписание Меморандума о сотрудничестве с канадским университетом МакГилл.

ЧЕЛОВЕК МИРА



До подписания документа велась большая работа с Нурланом Даулетбаевым из университета МакГилл, который стал визитинг-профессором кафедры. Итогом такой интеграции стала разработка кафедрой политики и организации здравоохранения и Нурланом Даулетбаевым двухгодичной магистратуры по специальности «Медицина – врач-исследователь». В настоящее время ни одно из высших учебных заведений в РК не имеет подобной образовательной программы. Она представляет «Системную Медицину», как интегральный подход к болезням человека, позволяющий учитывать большое многообразие факторов, способствующих возникновению заболеваний, включая генетическую предрасположенность, образ жизни, факторы внешней среды. Особое внимание в данной программе уделено использованию Искусственного Интеллекта, машинного и глубокого обучения для дальнейшей персонализации диагностики и лечения. Вначале учебного года с профессором на кафедре согласовали планы по организации совместного учебного процесса, темы видеолекций и конференций. Однако коллаборация на этом не заканчивается. Преподаватели кафедры и магистранты обсуждали совместную работу над систематическими и авторскими

обзорами научно-исследовательских работ, которые в будущем станут основой для дальнейшего развития научной деятельности магистрантов.

Во время международных Фарабиевских чтений была организована дискуссионная площадка: «Глобализация науки в Казахстане», где магистранты обсудили проблемы научных

исследований. Также в рамках научных конференций они поделились впечатлениями с профессором Н.Даулетбаевым. «Нам по-настоящему повезло в неформальной обстановке пообщаться с человеком, которого так и хочется назвать «Человек мира», - рассказали магистранты. Профессор в свою очередь поведал им историю становления университетов МакГилл и Марбург (Германия), тем самым подогрел интерес студентов к будущей научной стажировке за рубежом. Кроме этого, он очень интересно описал красоту и достопримечательности городов, где находятся эти альма-матер, а также о своем пути - от молодого ученого до уважаемого профессора мирового университета. Как человек мира, объединяющий Восток с Западом, он подтвердил, что при упорном труде и стремлении к знаниям всегда можно достигнуть поставленных целей. Тем самым, мотивировав магистрантов идти к своей цели, несмотря на трудности.

**Г. КАПАНОВА, зав. каф., проф.,
К. БАЙГОНОВА, и.о. доц.**

ЖАПОН ТІЛІН ҮЙРЕТУ

Қиыр Шығыс кафедрасының Жапония мен Орталық Азияны зерттеу ғылыми-білім беру орталығы (Цукуба Университетінің Алматыдағы кеңсесі) «Кампустағы кампус» жобасы аясында Цукуба университетімен бірлесіп отырып, «Жапон тілін үйрету және прагматикалық зерттеу» тақырыбында кезекті онлайн конференция өткізді.

Екі университет арасындағы ынтымақтастық туралы келісім осыдан төрт жыл бұрын жасалған болатын. Бұл ынтымақтастықтың басты ерекшелігі – «Кампустағы кампус» (CIC) бастамасы. Бұл келісім жүзеге асырыла бастағаннан кейін, серіктес екі университет ұлттық және институционалдық тосқауылсыз өздеріне қажетті зерттеу ресурстарын өзара тиімді пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Дәріс барысында Цукуба университетінің профессоры Оно Масаки қазіргі кезде Жапонияда жапон тілін үйрену ерекшеліктері туралы, шетелдіктерге арналған «Yasashii nihongo» арнайы курсы туралы айтып берді. Дәріс соңында профессор Жапонтану кафедрасының оқытушыларының сұрақтарына жауап берді.

Біздің университеттің қабырғасында осындай іс-шараларды өткізу жақсы дәстүрге айналды. Онлайн лекция жалпы жапонтануға қатысты ғылыми-практикалық мәселелерді бірге талқылап, тәжірибе алмасу үшін ыңғайлы алаң болып табылады. Осындай біріккен іс-шаралардың арқасында екі университет арасындағы қарым-қатынас күшейе түсіп, ынтымақтастық әр салада өрбиді.



ПРИБОРЕТАТЬ ОПЫТ, ДЕЛЯСЬ ИМ



В рамках совместной образовательной программы КазНУ имени аль-Фараби и Американского Совета по Международному образованию (ACCELS) доцент кафедры русской филологии и мировой литературы Сандугаш Кадралиевна Сансызбаева была приглашена в Институт русского языка Брин-Марского университета (Штат Пенсильвания, США).

Данная командировка проходила под эгидой программы «Флагман» ACCELS, по которой производится обучение американских студентов русскому языку в КазНУ. По приглашению Russian Language Institute Брин-Марского университета она работала преподавателем русского языка Летней языковой школы. Вместе с ней в программе было задействовано 5 американских преподавателей и 2 студенческих тьютора, заложено интенсивное изучение разных аспектов русского языка (письма, грамматики, чтения, аудирования) и включены аудиторные занятия, учебные экскурсии в музеи и выставочные центры, организация и проведение «Русских чаепитий», встреча с ведущими русистами США.

Так, студенты и преподаватели школы посетили Музей археологии и этнологии Пенсильванского университета, в архивах которого у студентов была возможность соприкоснуться с историей Российского государства, документами времен правления Николая II. Интересным было посещение Музея искусств Зиммерли в Нью Брансуик, где представлены произведения русских художников и скульпторов, представителей неконформизма - направления, запрещенного в Советском Союзе.

Студентам и преподавателям запомнилась экскурсия на Брайтон-Бич, популярный район Нью-Йорка, расположенный на берегу Атлантического океана. В США данную часть

Нью-Йорка называют «маленькой Одессой». Название связано с компактным проживанием эмигрантов из СССР. Здесь студенты смогли потренировать свои навыки устной и письменной коммуникации на русском языке, отведав блюда русской кухни.

По завершении обучения студенты сдали экзамены и получили сертификаты об окончании школы.

Поездка оказалась очень полезной в рамках международного сотрудничества. Так, совместно с преподавателями Института Русского языка Брин-Марского университета были разработаны учебные материалы, тестовые задания, осуществлена подборка обучающих фильмов и презентационных материалов, проведено анкетирование студентов-иностранцев. Данная практика направлена на повышение квалификации, возможности обмена научно-педагогическим опытом. Следовательно, результаты данной научно-педагогической деятельности найдут отражение в новых исследованиях доцента Сандугаш Сансызбаевой по проблемам межкультурной коммуникации и методики преподавания русского языка как иностранного.

Опыт преподавания доцента Сандугаш Сансызбаевой в Брин-Марском университете Пенсильвании безусловно будет полезен не только в преподавательской деятельности, но и организации и планирования методических разработок в области преподавания русского языка как иностранного, составлении образовательных программ с дополнительными курсами по теории и практике преподавания РКИ.

Высокий уровень профессионализма и прекрасные психологические характеристики Сандугаш Кадралиевны были отмечены студентами. Так,

по результатам анонимного анкетирования, проведенном руководством Института русского языка, она получила самую высокую оценку «absolutely» по всем позициям, среди которых эффективность преподавательской методики, умение налаживать контакт с аудиторией, получение полных ответов на вопросы, подробное объяснение учебного материала, новаторство, побуждение интереса к изучению русского языка.

«Приобретать опыт, делюсь им» - таково жизненное кредо ученого-педагога Сандугаш Сансызбаевой. Профессорско-преподавательский состав кафедры русского языка и литературы гордится такими коллегами - профессионалами своего дела, направляющими накопленные знания и приобретенный опыт на качественную подготовку специалистов, владеющих не только профессиональными навыками в области выбранной специальности, но и высокой культурой коммуникации.

**Б. ДЖОЛДАСБЕКОВА,
д.ф.н., профессор, чл.-корр. НАН РК,
зав. каф. русской филологии и мировой литературы**



ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫН АСЫҒА КҮТКЕН ЕДІК



Өткен ғасырдың 60-70 жылдары республикамыздың дамуының барлық саласының өрлеп, өркендеу кезеңі болды. Осы уақытта бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде бірінші рет қазақ бөлімі ашылып, оның алғаш студенттері біздер болдық. Ғылым, білім салаларының өте орысшаланып кеткені сондай қазақ бөлімінің студенттері болғанымызбен, кейбір дәрістерді орыс тілінде тыңдадық. Бұл үш жыл әскер қатарынан, 3-4 жыл еңбек өтілімен келгендер үшін онша қиын болмағанмен, қазақи ауылдан келгендерге онша оңайға соқпағаны белгілі.

Осы мәселе бойынша старостамыз Әскербек Абаев пен Аманжол Әбіловтің (қазір Күзембайұлы) бастамасымен оқу тобындағы коммунистерімізді алға салып, оқу министрлігіне шағымдандық. Талабымыз оқу тобы қазақша болғандықтан, дәрістердің барлығын қазақ тілінде оқыту. Өтінішіміз толық орындалмағанмен ішінара жүзеге асып педагогикадан сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторы А. Махмудов, психологиядан Т. Түркіпенов, әлем тарихынан қазақшасы жетік болмасада К. Қожахметовтер сабақ берді. Ол кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл болатынына толық сенбесек те, ұлттық тіліміздің үстемдігін аңсадық, оның беделінің төмендеп бара жатқанын сезіндік.

Бұрын Қазақстандағы ЖОО-ның флағаны болған, республикамыздағы жалғыз университетте білім алып, соны 1969 жылы бітірген біздердің өмір жолдарымыз қазіргі жастарға үлгі-өнеге, тәрбие-тағлым болар деген ойдамын. Өткен уақытпен салыстырғанда даму деңгейі әлемдік дәрежеге жеткен университетіміз 85 жасқа толып отырғандықтан, оның тарихы үшін, 50 жыл бұрын тәмамдаған студенттерінің тыныс-тірлігі мен ізденімпаздығы, еңбекқорлығы қазіргі жастарымызды бей-жай қалдырмаса керек. ЖОО-да жарты ғасыр ұстаздық еткен маған студенттердің психологиясы, ғылым-білімге құштарлығы рухани, материалдық деңгейлері, парасат-пайымдары өте таныс болғандықтан, өткен мен қазіргіні салыстыра қарауға толық мүмкіндігім бар.

Сонымен, 1964 жылы тарих факультетінің қазақ бөліміне Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 25 жас тоғыстық. Оқу тобының студенттерінің дені оңтүстік Қазақстаннан қазақ мектептерін бітірген жастар. Бесеуіміз 3 жыл әскери борышымызды өтеп келгендерміз. Оқу басталған күннің бірінші аптасында факультет деканы доцент Серік Құрманғалиұлы Жақыпбеков өзі келіп, топ старостасын – Абаев Әскербекті таныстырып, факультет деканымен байланыстың староста арқылы болатынын ескертіп, топтың кәсіподақ және комсомол жетекшісін өздеріміз сайлап алатынымызды айтты. Оқу тобындағы 3 коммунист студент ячейка ретінде факультет партия ұйымына тікелей қарайтынның түсіндірді. Сөйтіп бір апта ішінде оқу тобының «басшыларын» сайлап алдық. Топты басқару тізгінін қолға алған Әскең бірінші күннен бастап-ақ «біреу бәрі үшін, бәрі біреу үшін» принципі ұстанды. Сөйтіп қызығы мен қиындығы сапырылған студенттік өміріміз басталып та кетті.

Бірінші рет дәріс беруге келген ұстаздарымыздың киім-кисіне, жүрісіне, сөз мәнеріне жіті қараймыз. «Жақсылап тындап жазып отырыңдар»,—деп бастайтын профессор Сөкен Мамажанұлы Кенжебаевты, амансыңдарма деген бір ауыз сөзден кейін лекциясын бастап кететін Чупековті, гүлмен қоршап қойып емтихан тапсыратын профессор М.Ахынжановты, латын тілінен сабақ берген Майя Петровна, «Қыздар қайта беріңіздер, жігіттермен онша қалайық»,—дейтін доцент Төреғали Қаратаевты, «М.Н.Ломоносов атындағы Москва университеттерінде оқып жүргенде»—деп дәрісін бастайтын доцент Алмабай Сұралбергеновты, «Кілең алақтар»,—деп бастайтын Бақтияр Мекішовті, «Қайрат кеше тамаша ойнады»,—деп бастайтын Рахым Қайыргелдинді, «Қалайда қазақшаны үйренемін» дейтін Кенес Қожахметовті, Әбу Тәкеновті, т.б. ұстаздарымыздың есімдері есімізде. Олар өмірден озып кеткенмен шәкірттерінің жүрегінен мәңгі орын алған ұлы есімдер болған соң атап жатырмын. Әуақтары риза болсын.

Жастық шағымыздың қызықты күндерін Алматының күзгі мейзам шуағы кезінде, Алатаудан соккан самал желді, саф ауаны мейірлене жұтудан бастадық. ЖОО тән: кафедра, деканат, факультет, декан, проректор, ректор деген ұғымдармен таныса бастадық. Оқу тобымызда қыздар мен жігіттер саны тепе-тең. Шалдар: Қажыбай, Қазыбай, Әскербек, Амагелді, Омарсейіт, Қуаныш, Салықбек, Оматай, Самахан, қалғандары орта мектепті бітіріп келген, балалықтын уызы ауыздарынан әлі кете қоймаған өрімдей жастар. Староста Әскербектің «бұйрығымен» сабақ басталған уақыттың екінші аптасында тауға демалысқа барып, бір-бірімізбен жақын таныстық. Жігіттердің кімді қармаққа ілсем деген пиғылмен отырғандары бесенеден белгілі. Мектеп бітіргендерімізге 5-6 жыл өтіп, жастық думаныңан

шеттеп қалған біздердің қимылдарымыз жастарға қарағанда шабанды.

Дәрістер, практикалық сабақтар, кітапхана, рефераттар дайындау, өнер қайраткерлерімен кездесу, жана туындылардың тұсаукесері сияқты бірінен-бірі өтетін іс-шаралардың ортасында жүргендіктен, уақыт зымырап өтіп жатты. Қазіргі студенттермен салыстырғанда ол кезде біздер жоғарыдағыдай іс-шараларды өзіміз іздеп жүретінбіз, белсене қатысып ой-пікірлерімізді айтатынбыз. Бүгінгі жастардың сәл самарқаулығына оларды қиналау дұрыс болмас. Меніңше оның басты себебі: қазіргі информацияны алудың мол мүмкіндігі: интернет, компьютер, спутниктік байланыс, сотовый телефон және т.б. Демек жастарды елен еткізетін, оларды қызықтыратын дүниелерді табу қазіргі ұлттық идеологиямыздың алдындағы үлкен мәселе.

Біздің оқу тобы студенттерінің барлығы дерлік Никольский базарының қарсысындағы Виноградов 88 үйге орналасқан жатақханада тұрық. Жатақхана өмірі қиындығы мен қызығы мол дүние. Жатақханадағы тірлігіміз ашық, бөріміз біргеміз, тек бір бөлмеде 4 студенттен тұратындықтар тамақтану кезінде ғана бөлінеміз. Стипендиядан 10 сомнан жинап соны бір айға тамаққа жеткіземіз. Бұндай үнемдешілік Аманжолдың арқасы. 16 тынның орнына 23 тынның бөлме нанын әкелсең, бұйрығы дайын, келесі күнге тамақ істеуге очертсіз кезекшілікке қояды. Сондықтан дүкеннен Аманжол жазып берген «шірткіден» асқан бөлге қаласың.

Республикамыздың қоғамдық өмірінде біздерді елеңдеткен жағдай сол кезде Қазақстанда қой санын 50 млн-ға жеткізу туралы Орталықтың «ұраны» болды. Басқа ұлт өкілдері қазы-қартаны, қойдың басын ұстауды қазақанда жақсы үйренгенмен, бірде-бір қазақтан басқа қой баққан ешкім жоқ. Мектеп бітірушілер «өз еркімізбен» қой бағу аттанып жатты. Тіптен қыздардың өзі комсомолдық бригадалар құрып «екінші тын» атанған қой шаруашылығына жегілді. Атақ мініп қой бағу келешек аналар үшін зиян емес пе? Тіптен трактористік мамандық алған қыздарда газет беттерінде мадақталып, жаппай насихатталды. Осының бәрі Кеңестік идеологияның ұлт өкілдерінің интеллектуалды дамуын тежеу үшін әдейі істеген әрекеттері екенін сезіндік. Жатақханада кешкілік жиналып, осындай түйткілді мәселелерді ортаға салып талқылап, ағайларымызға жеткізетінбіз. Олар бірнеше жыл түрмеде отырып келген профессор Е.Бекмахановты Москва студенттерінен құрылған «Жас тұлпар» қоғамдық ұйымның тағдырын мысалға келтіріп, Орталықтың билік машинасының қаталдығын ескеріп, біздерді сабыра шақыратын. Шынында да Орталықтың үстемдігі шексіз болды ғой.

Тарих факультетінде қазақ, орыс, тарихты шетел тілінде оқытын арнайы оқу топтары болды. Ұйымшылдық жағынан оларға дес бермесекте, шеттетіле беретінбіз. Осы жағдайды Төреғали Қаратаев ағайымызға айтсақ: «Әй жігіттер шыдаңдар. Бұл ұлы халықтың ұлыларын алыңдар, оқыңдар оларды, силандар. Көп болған соң ішінде нашарларыда көп болады» — деп басу айтатын.

Автобустарда қазақша сөйлесек көдімгідей намысымызға тиетін сөздермен балағаттап, тек орысша сөйлесуімізді талап ететін. Абайша айтқанда «Күресуге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайдының» кебін киіп жүргенде Аманжолдың бастамасымен группадағы барлық студенттер қазақша тақия киюге уәделесіп, көк базардан тақия сатып алдық. Ол кезде қазақтың ұлттық киімдері сувенир ретінде, арнайы магазиндер шетелдіктерге доллармен сатылатын. Ал долларды ұстамақ түгіл оның атына да онша қанық емеспіз. Демек ұлттық киімдерге де қазақтар үшін осылайша тосқауыл қойылғаны. Сондықтан тақия табуда онайға түскен жоқ. Бір күнде бүкіл ер балалар базардан алған қазақтың ұлттық өрнектерімен

әдіптелген тақиямен сабаққа келдік. Ойымыз орыстың әдеп-ғұрпына, оның тіліне жан-тәнімен беріліп кеткен курстастарымызға ой тастау, қазақ екенімізді естеріне салып, ұлттық намыстарын жану. Біздің тәуелсіздікке ұмтылған іс-әрекеттеріміздің барлығы да шектен шығу емес, халықтар достығын, бірлікке негізделген әрекеттер еді. Орталыққа бағынғанмен Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан сияқты республикаларындағы ұлттық салт-сананың жоғарылығы біздерді де қызытыратын.

1966 жылы ақпан айында «Жас тұлпардың» Алматыда слеті өтті. Кіріспе баяндаманы М.Әуезов жасады. Слет бірінші күні жазушылар одағында, 2-ші күні ҚазМУ-де өтуіне сол кездегі комсомол ұйымының хатшысы М.Жолдасбеков мүмкіндік жасады. Слеттен соң Қазақстан КП ОК-нде «ұлтшылдықпен» күрес туралы мәселе көтеріліп, құқық қорғау органдары «Жас тұлпардың» мүшелерін қудалай бастады. Біздің оқу тобынан да бірнеше студенттер Қауіпсіздік Комитетіне шақырылып, олардан жауап алынды. Біздердің қазақтың ұлттық тақиясын киіп жүргенімізді заңның ешқандай жазалау тармағына жатқыза алмағанмен, олардың назарында жүргенімізді сезініп жүрдік.

Қазақ тобы студенттері—біздердің ұлттық намысымызды жаныған Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің 1963 ж. жарық көрген «Мен қазақтың» поэмасы еді. «Мен қазақтың мың өліп мың тірілген»—деп басталатын поэма халқымыздың бастар кешірген елдік пен ерлікке толы тарихын жыр жолдарымен өрнектеген ақынды — пайғамбарымыздай көрдік. Сырттай силадық, риза болдық. Осы сезімімізді ақынға, туған халқымызға жеткізу үшін көп ойландық. Ақыры, Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақтың» поэмасын сахналауға шешім қабылдадық. Бізбен Шымкенттің өнер техникумын бітірген, бірнеше жыл мәдениет пен өнер саласында жұмыс істеген Омарсейіт Пірімбетов деген азамат оқыды. Оны біз «шал» дейтінбіз. Осы шаруаны шалға тапсырдық. Қазақ десе отқа түсуге дайын ол қуана қарсы алып, іске кірісіп кетті. Поэмаға сценарий жазып, рольдерді анықтағаннан кейін күн-түн демей репетиция жасайтынын, оған белсенді қатысуымыз керек екенін қатан талап ететінін айтты. Біздер көндік. Омарсейіт көп ұзатпай сценарийді бітірді. Поэманы негізге алып оның сахнаға келетін жерлерін Жаксыбике Жәнібекова дикторлық дауыспен оқып тұрады, мәтінге сай сахнада көріністер жүріп жатады. Екі айдың ішінде оқу тобымыздың біраз студенттері «Әртіс» болып шықтық. Ендігі ең қиыны: қай жерге қоямыз, В.И.Лениннің ролін кім орындайды деген мәселеге келгенде тығырыққа тірелдік. Факультет деканына өтініш айтып, Балалар мен жасөспірімдер театры ТЮЗ ғимаратын сұраған жазбаша қатынас алдық. Ол кезде театр бұрынғы Калинин мен Коммунист проспектісінің бұрышында (Консерваторияға жақын) бір этажды ескі үйде орналасқан болатын. Әке-көкелеп театр директорын көндіріп, күнін белгілеп, үлкен афиша шығардық. Лениннің ролін ойнауға Қазақ КСР-інің халық әртісі М.Ю.Лермонтов театрының актері Юрий Борисович Померанцевті көндірдік. Өте кішіпейіл, қарапайым актер ағамыз да бірден келісті. Ол спектакльдің аяғында шығып В.И.Лениннің 1920 жылы Қазақстан делегациясын қабылдағанда айтқан: «Да, богатый край, надо поднимать этот край, будем поднимать» деген бір сөйлемі ғана. Лермонтов атындағы орыс театры бұрынғы Виноградов пен Держинский көшесінің бұрышында болатын. Ленинше гримделген Юрий Борисовичті спектакль аяқталуға жақындағанда ешкімге көрсетпей Жұматаев Амантай бір ағасының машинасымен алып келді. Сахнаға Ленин шыға келгенде көрермендердің қабылдауы керемет болды. Спектакль аншлап өтті. Себебі Омарсейіт Шахан Мусин ағамызды бірнеше

рет репетицияға шақырып, ақыл кеңестерін алғанды. Белгілі актер Камал Қармысов ағамызда актерлік кеңестерін аяған жоқ. Сонымен ұлттық пафоста жазылған Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақтың» поэмасын сахналау бір жағынан тобымыздың беделін көтеріп тастаса, екінші жағынан ұстаздарымыз тарапынан байқап жүріміз жайлы ескертулерді жиі еститін болдық. Әрине оларды да түсіндік.

Қазір Қазақстан тарихы тәуелсіздік жағдайында қайта жазылуда. Біздер — болашақ тарихшылар оқып жүрген кезде кейбір ұлттық кемсітушілікке негізделген бұрмалаушылықты байқайтынбыз. Көзі тірісінде бірнеше рет Кеңес Одағының батыры атағын ала алмаған, халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың рейхстагқа алғаш жетіп ту тіккенін білдік. Бірақ Отан соғысы тарихында рейхстагқа ту тіккен Егоров пен Кантария деп оқыдық. Рахымжан аға біздер оқып жүргенде «Алматы» қонақ үйінің директоры қызметінде болатын. Батыр ағаны «Қазақстан тарихы» пані бойынша өткен семинар сабағына шақырып, әңгімесін тыңдадық. Кейін ГДР республикасында Г.Булатов екеуінің рейхстагқа бірінші жетіп ту тіккені жайлы деректі фильм түсірілгенін айтып берді. Сөйтіп рейхстагқа ту тіккен алғаш қазақ екенін дәлелдедік, оған қуандық.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары Қазақстан үшін өркендеу дәуірі (Ренессанс) болды десем қателеспеймін. Шәмші әндері жүрек сезімді оятып, махаббат құшағына бөлесе, Мұқағалидің ойлы өлеңдері жүрегіңді шығыа жетелейтінді, ал Шәкен-ағамыз өмірге әкелген фильмдерді бірнеше рет көруден жалықпайтынбыз. Сол жылдары университет ректоры Асқар Зақарин ағамыз өзі жүргізген Шәмшімен кездесу өте тартымды өтті. Университет ұжымы оны Қазақстанның Ленин Комсомолы сыйлығына ұсынды. Қалыбек Қуанышбаев, Ахмет Жұбанов, Рашид Мұсабаев,ағайынды Абдуллиндер, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Мүсілім Мағамбаев, Әбусейітов, Ескендір Хасанғалиев, Гүлфира Ризиева т.б. өнер қайраткерлерін Бахтажар Мекішов ағамыз университетке «Жеті муза» қоғамы арқылы қонаққа шақырып, біздермен кездестіріп, өнерге деген құштарлығымызды арттыра түсетін.

Л.И.Брежневпен достығын ел игілігіне бұрып, дұрыс пайдалана білген Д.А.Конаевтың ішкі сыртқы саясатын қолдайтынбыз. Бірақ орталықтың ұлт аймақтарына деген шовинистік саясатын сезінетінбіз, ретті жерінде ашық болмаса да, тәуелсіздігімізді көксейтінімізді білдіріп жүрдік. Е.Бекмаханов ағаның бірнеше жыл отырып келіп, ҚазГҰдан «Қазақстан тарихы» кафедрасын зорға ашқандығын алдымызға тартып, ағайларымыз қызбалыққа салынбай сабырлыққа шақыратын. Қазір өткенге көз жіберіп, ойланып көрсек олар бізді орталықтың қуатты билігінің қаһарына ұшырап кетуден сақтандырған екен.


Ия, біздір аңсаған тәуелсіздік таны да атты. Біразымыз жетпістен асып, сексеннің сенгіріне аяқ бастық. Зейнеткерлерміз. Немере, шөбере сүйген аталармыз. Шама-шарқымызға қарай әлде де еңбек етудеміз. ҚазГҰ-де алғаш ашылған қазақ оқу тобын бітіргенімізге, тәуелсіз еліміздің болашағы үшін еңбек еткенімізге тәубе дейміз. Біздермен университет бітірген азамат, азаматшалардың біразы өмірден озып та кетті. Олардың рухына тағзым ете отырып, қазіргі қалғандарымызға шүкіршілік етеміз. Университетті бірге бітіргендеріміздің жұбымыз әлі жазылған жоқ. Ол староста Әскербектің жоғары ұйымдастырушылық қабілеті болса,бір топтың студенттері Әскербек-Нұршақұлмен, Аманжол-Тамарамен, Амангелді-Раушанмен, Қазбай-Жаксыбикемен, Амантай-Жұмақұлмен отбасын құрғандығымыздан да болар. Сөйтіп ЖЕНПИ-дің жатақханасын күзетпей жарларымызды осы оқу тобынан таптық. Қазір бірлесіміз министрдің, ректордың, ал енді біріміз аты әлемге мәшһүр болған суретшілердің, дүниенің әр түкпірінде оқып жатқан немерелеріміздің әскери, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік қызметкерлердің, ғылым кандидаттары мен докторлардың ата-аналары екенімізді мақтан тұтамыз. Алла көпсінбесін!

Өзіміз бітірген ордалы оқу орнының 85 жылдығына орай студенттік өмірден есте қалған кейбір сәттерге тоқталдық. Әрине айтылмай қалған дүниелер айтылғаннан да көп. Тарихи тамыры тереңде жатқан университетіміз өсіп өркендей берсін. Қазіргі студенттеріміз біздер өткен сара жолды берік ұстанатынына, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра беретініне бек сенімдімін. Өткен жылы 80 жылдығын тойлаған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұжымы атынан өзіміз бітірген Қазақ ұлттық университетін құттықтаймын.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
экономика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Университеттің
50 жыл бұрын бітірген мүзегі.

На факультете востоковедения прошел IX-ый конкурс ораторского искусства с участием Университетов Ханьян и Намсеул (Ю. Корея)

ҒАЛЫМДЫ ЕСКЕ АЛДЫ



Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасы, дінтану және мәдениеттану кафедрасы және әл-Фараби орталығының ұйымдастыруымен белгілі философ-ғалым, мәдениеттанушы-антрополог, философия ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Бекет Ғалымжанұлы Нұржановтың туғанына 70 жыл толуына арналған «Ұстаз тұлғасы: ойшыл бірегейлігінің қалыптасуы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті. Оған шет елдік және отандық ғалымдар қатысты. Дөңгелек үстелде постмодернизм философиясы және қазақ дүниетанымы, мәдениет философиясы, мәдениетті зерделеудің жаңаша үрдістері, медиамәдениет немесе адам мәселесі сияқты өзекті мәселелер ойталқысына салынды.

кафедрасының менгерушісі Гүлжиһан Нұрышева және тағы басқа да философтар сөз алып, ғылыми баяндама жасады.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты да бақилық болған Бекет Ғалымжанұлы Нұржановтың ғылымдағы, оның ішінде, мәдениет философиясы саласындағы салып кеткен сара жолын, салықалы ойларын жан-жақты сараптау арқылы еске алып, өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдыру. Ендеше, айтулы ғалымның өмірбаяны мен ғылыми шығармашылығына қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген қанатты сөз бар. Әлемге танымал қазақстандық ғалым Бекет Ғалымжанұлы Нұржанов 1949 жылы 30 сәуірде Ақмола (қазіргі Астана) қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келді. Міне, ұстаздар отбасының ұстанымы Бекет Ғалымжанұлының болашақтағы мамандығын таңдауына тікелей әсерін тигізді. Білімге құштар бозбала 1968 жылы С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философиялық-экономикалық факультетіне түсіп, 1973 жылы оны үздік бітіріп, «Философ, философия оқытушысы» мамандығын алып шықты. Оған университет қабырғасында да танымал қазақстандық философтар А.Х. Қасымжанов, К.Х. Рахматуллин, Ж.М. Әбділдин, М.Н.Чечин, Ә. Нысанбаев, Н.С. Сәрсенбаев, О.А. Сегізбаев сынды аса білгір ғалымдар ұстаздық етіп, бойына философиялық рухты сіңіре алды.

Қазақта «Ұстазы жақсының ұстанымы да жақсы болады» деген мәтел бар. Осындай айтулы ұстаздардан тәлім алған Бекет Ғалымжанұлы да олардың жолын қуып университетте оқытушылық жолына түсіп, ғылыми шығармашылық ізденіспен тынбай айналыса бастайды.

Нәтижесінде, 1982 жылы ҚазКСР ҒА мүше-корреспонденті, профессор А.Х. Қасымжановтың жетекшілігімен «Диалектика-

ның неорационалистік ұстындарына сыни талдау» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ал 1992 жылы Мәскеу қаласында Ресей Ғылым Академиясы Философия институтында Ресейге танымал философ-ғалым Н.В. Мотрошилованың кеңесшілігімен «Гегель диалектикасы: болмыс және еркіндік» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Еліміз тәуелсіздік алған тұстан бастап, отандық білім беру саласында түбегейлі өзгерістердің болғаны баршамызға белгілі. Б.Ғ. Нұржанов алғашқылардың бірі болып, профессорлар С.Т. Темірбеков, Т.Х. Ғабитов және т.б. бірлесе отырып, Қазақстандағы мәдениеттану ғылымының негізін қалады. 1995-2008 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мәдени антропология кафедрасының менгерушісі қызметін атқарды. Осы уақыт аралығында әлемге таныла бастаған ғалымның жетекшілігімен және жеке өзінің тікелей құрастыруымен философия және мәдениеттану мамандықтарының студенттеріне арнайы курстардан дәріс оқыды. Ол «Мәдениеттану» пәнінен Қазақстандағы алғаш шыққан оқулықтың авторы екендігі де баршаға аян.

Сол кезеңде ол басқарған кафедра Қазақстан Республикасында мәдениеттану саласынан бірден-бір жоғары білікті мамандарды дайындайтын ғылым білім беру орталығына айналды. Университет жанынан арнаулы мәдениет философиясы бойынша диссертациялық кеңес те құрылып, көптеген ізденушілердің кандидаттық және докторлық диссертация қорғауына мүмкіндіктер ашылды. Бекет Ғалымжанұлының тікелей жетекшілігімен 5 докторлық, 15 кандидаттық және 8 магистрлік диссертация сәтті қорғалды.

Айтулы ғалым-ұстаз есімі Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де кеңінен танымал. Ол көптеген халықаралық конференциялар мен семинарларда сөз сөйлеп, өзінің төлтума ойларымен қазақстандық руханиятты әлемге паш етті. Оған 2004 жылғы қараша айындағы Париждегі ЮНЕСКО бастамасымен өткізілген «Философиялық сұхбаттастық: Азия және Араб әлемі» атты философтар күніне арналған дөңгелек үстел, 2007 жылы Лондонда өткен білім беру мәселесіне байланысты дөңгелек үстел және «Адами креативтілік философиясы» атты семинар, 2007 жылы АҚШ-тағы Беркли Калифорниялық университетінде жасаған «Қазақи ұлттық идея» атты баяндамасы және т.б. айтулы қызметтері дәлел бола алады.

Бекет Ғалымжанұлы көп тілді жетік менгерген полиглот (ежелгі грек, латын, француз, ағылшын, неміс, итальян тілдері) ретінде батыс ойшылдары: Ж. Бодрийар, Ж. Делез, Ж-Ф. Лиотар, Р. Жирар, Ф. Джеймисон және басқалардың ғылыми еңбектерін француз және ағылшын тілдерінен аударып, қазақстандық оқырмандарға Еуропа философиясын түсінуге кең жол ашты. Ол мәдениеттанушы Ә. Қодармен бірге мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша мәдениеттану секциясының 10

томдығының 7-8 томының жарыққа шығуына мұрындық болды.

Сонымен қатар, Бекет Ғалымжанұлы 2007-2009 жылдары «Қазақстанның тұрақты дамуындағы ұлттық идея негіздері» атты мемлекеттік бағдарламаның іске асуына белсене араласты және «Шығыс пен Батыс мәдени сұхбаттастығы аясындағы Қазақстандық ұлттық идея» тақырыбындағы жобаның орындаушысы болды. Ол жүзден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде, 10 монография мен оқулықтардың авторы. «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан-иманы көміл, пейілі тура болуы керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де бағаламай, ғылымнан аулақ жүруі керек» деген әл-Фараби бабамыздың ұстанымын Бекет ағамыз өзіне принцип етіп алғандай ғылым жолындағы тазалығы арқылы әрқашан әйгіленіп тұратын.

Сондай-ақ, Француздың физик-ғалымы Ирен Жолио-Кюри өз ойын былайша тиянақтаған еді: «Кез - келген мамандыққа деген махаббат жетістікке жетудің шарттарының бірі болып саналады, әсіресе, бұл ғылыми ізденістері үшін әділеттілік» деген қағида Бекет Ғалымжанұлының өмірмәнділік ұстанымы еді.

Б. Ғалымжанұлы сабырлы да, байсалды мінезімен табанды көзқарасымен тек қана әріптестері мен шәкірттерінің жадында ғана қалмай, «Философ» деген халықтың өзіндік рухын жаңғыртып, құндылығын қызғыштай қорғау мен сақтау майданында Өзіндік Бекзат болмысымен, елден ерекше қалыптастыра алған өзіндік ноосферасымен жамиғаттың, ел зиялыларының есінде жүретін жарқын бейне еді.

Бекет ағамыздың артында қалған сүйікті жұбайы – Альбина Мейірбекқызы – философия ғылымдарының докторы, «Enactus Kazakhstan» қорының директоры, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты Кеңесінің мүшесі, сүйкімді қызы – Диана Мемлекеттік шет елдік гранттың үшінші курс студенті. Философия ағамыздың рухани мұрасын, игілікті істерін жалғастырып қана қоймай, жаңғырта беру – әріптестері мен шәкірттеріне және ұрпақтарына тиеселі парыз.

Бекет Ғалымжанұлы сияқты көрнекті ғалым, ардақты азаматтың тағалымы – үлгі алған ғалымдар легі рухани жаңғыруда түбегейлі бет бұрған бүгінгі кезеңде ұлттың болашағын көркейту жолында әлемдік философиялық ойтолғамен бәсекелестікке лайықты еңбек етіп келеді.

Демек, ғылымда да, өмірде де орны бар тұлғаның «ошағы» отының сөнбейтіндігіне сенімдіміз.

Л. АСҚАР,
философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты;

Б. АТАШ,
ҚазМемҚызПУ қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
философия ғылымдарының докторы

В Центре аль-Фараби состоялась круглый стол «Личность учителя: формирование идентичности творца», посвященного 70-летию доктора философских наук, профессора Бекета Нуржанова

ПЛАНЕТА ПО ИМЕНИ САТПАЕВ

Подпись президента Академии наук Каз. ССР в годы «оттепели» ознаменовала возвращение имени и трудов аль-Фараби на его историческую родину. Фарабиевед Акжан Машанов вспоминал, как в 1960 году, 15 октября написал письмо К.И. Сатпаеву с просьбой о поддержке идеи исследования отечественными учеными наследия аль-Фараби и переводе работ мыслителя. Безусловно, Сатпаев хорошо понимал значение начинания, поскольку с юности интересовался наследием тюрков, в 1927 году в московском Издательстве народов СССР, по совету работавшего там заместителем директора Алихана Букейханова, опубликовал найденную им поэму «Ер Едыге».



Академика не стало в январе 1964-го, тогда как сделанное им в прошлом столетии живет на благо мировой науки. Каныш Имантаевич был не только выдающимся ученым-геологом, организатором науки, гениальным поисковиком к земным недрам, но и крупным философом-мыслителем, знатоком казахского фольклора и активным общественным деятелем. Так, по просьбе наркома просвещения Ахмета Байтурсынова, в период с 1919 по 1924 годы Каныш Сатпаев создал первый школьный учебник по алгебре на казахском языке. В 1935 году, исследуя окрестности Жезказгана, он обнаружил камень с надписью, возведенный по приказу Эмира Тимура в 1391 году, в ходе похода в Степь (ныне хранится в Эрмитаже).

Ученый стоял у истоков современного Жезказгана, в целом его многогранная деятельность была нацелена на экономическое и духовное развитие народа Казахстана. Как выясняется по мемуарам и архивным источникам, в годы репрессий против

национальной интеллигенции, Сатпаев по возможности укрывал на рудниках членов семей Алашевцев, устраивая их на работу в Карсакае, куда редко добирались вездесущие «спецслужбы». Он достойно представлял свой народ в зарубежных поездках, к сожалению, не очень частых, - тем не менее, его имя знает весь мир, он воспитал известных ныне ученых, создав кропотливо научную школу, независимо от того, в какой отрасли специализировался талантливый исследователь.

Его именем названа планета 2402 - «Сатпаев» и новый минерал - «Сатпаевит». Последний год XX века, по решению ЮНЕСКО, объявлен Годом Каныша Сатпаева. Духовная мощь, пластичность мышления и цельный жизненный путь ученого являются примером для молодых, что решили связать свою жизнь с наукой.

Г. МУКАНОВА,

кафедра издательского дела и дизайна

На факультете филологии и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби прошло открытое занятие на тему «Актуальные проблемы семантики и прагматики в трудах доктора филологических наук Элеоноры Дюсеновны Сулейменовой».

О тех, КТО НАМ ДОРОГ...

Мероприятие организовано кафедрой русской филологии и мировой литературы при содействии научно-просветительского проекта «Эпоха и личность» который функционирует под эгидой научно-экспертного совета Ассамблеи народа Казахстана.

Элеонора Сулейменова - профессор, академик МАН ВШ, член научно-экспертного совета Ассамблеи народа Казахстана, вице-президент международной ассоциации преподавателей русского языка и литературы (МАПРЯЛ), президент казахстанской ассоциации преподавателей русского языка и литературы. Занятие началось с выступления доктора филологических наук, профессора Казахстанского филиала МГУ им. М.В.Ломоносова Нурсулу Шаймерденовой на тему «Казахстанская лексикография и вдохновляющая сила профессора Элеоноры Сулейменовой», в котором она поделилась основными достижениями казахстанской лексикографии и рассказала о вкладе педагога в развитие казахстанской русистики и создание двуязычных и терминологических словарей. Нурсулу Жамалбековна рассказала также о совместном участии в лексикографических проектах и опыте, полученном от этой работы, отметила вклад в развитие КазНУ, где Элеонора Дюсеновна работает около 50 лет, часть из которых - в должности заведующей кафедрой общего языкознания и декана филологического факультета.

В своем вступлении «О тех, кто нам дорог» заведующая кафедрой русской филологии и мировой литературы КазНУ член-корр. НАН РК, доктор филологических наук, профессор Баян Джолдасбекова отметила научные и общественные заслуги Сулейменовой, о которых знает казахстанская и мировая лингвистическая общественность.

Мероприятие продолжилось выступлением кандидата филологических наук, и.о. профессора кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУС.К. Сансызбаевой на тему «Значение научных исследований Элеоноры Сулейменовой в практике преподавания дисциплины «Семантика русского языка». Далее состоялся круглый стол с участием студентов 3 курса «Современные теории смысла: актуальность монографии



профессора Элеоноры Сулейменовой «Понятие смысла в современной лингвистике», который был посвящен дискуссии по основным положениям научного труда.

Завершилось открытое занятие презентацией «Профессор Элеонора Сулейменова - ученый, педагог, наставник», из которой студенты узнали о научно-педагогическом пути, общественной деятельности, наградах и основных научных трудах профессора. В презентации был отмечен вклад Элеоноры Дюсеновны в развитие казахстанской лингвистики, организацию значимых для страны научных мероприятий, одним из которых является XIV Конгресс МАПРЯЛ «Русское слово в многоязычном мире», который за всю историю организации впервые пройдет в Казахстане с 29 апреля по 3 мая 2019 года. Организаторы и гости отметили масштабы языковой личности ученого, продолжающего вкладывать все свои знания, опыт и силы в подготовку высококвалифицированных специалистов в области филологии, важность знания и изучения ее трудов.

С. САНСЫЗБАЕВА,

и.о. проф. кафедры

русской филологии и мировой литературы

Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса - ол елдің өңесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшбасшысы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

ҚазҰУ - әлем елдері мойындаған, көшбасшы, сапалы білімнің қайнар көзі, білікті кадрларды даярлайтын терең білім мен онегелі тәрбие ордасы. Иә, бүгінде түлеп ұшқан әрбір түлектің кеудесіне үміт отын сеуіп, жүрегіне жылу ұялатқан Қазақ ұлттық университетіне 85 жыл толды. Осынау сенгірлі сексен бестің шыңына шығып, талай биікті бағындырған білім ордасында болашақтың іргетасын берік қалайтын білікті де білімді, жан-жақты мамандар даярланып келеді.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әртүрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады. Осыған сәйкес оқу ордасында жоғары санатты, тәжірибелі, білімді, еңбегі сіңген

Әр жүректе-бір арман

профессорлар, доценттер, кандидаттар, ұстаздар әр дәрісін студенттердің қызығушылықтарын арттыру мақсатында ерекше түрде өткізеді. Бұл да ертенгі болашақ иесінің жан-жақты тәрбиеленіп өсуіне кепілдік береді. Сондай-ақ, оқулықтармен толық қамтамасыз ететін кітапханада электронды жүйеде де тапсырыс беруге болады. Бұл мүмкіндік студенттердің технологиялық құрылғыларды жетік меңгеруімен қатар, уақытын үнемдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, негізгі факультеттерден басқа дайындық факультетінде әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған шетел азаматтары мемлекеттік тіліміз казак тілін үйрену үстінде. Осының есебінен біз, студенттер, шетел азаматтарымен танысып, басқа елдердің мәдениетін танып біліп, оларға өзіміздің елімізді танытамыз.

Университет ұжымы көпұлтты Қазақстанның экономикалық және мәдени өсуіне, саяси-құқықтық өміріне, мәдениетіне, ғылым мен білім беру салаларына орасан үлес қосып, еліміздің жоғары білім беретін оқу орындарының биік шыңына айналдырды. Университет көптеген шетелдік ЖОО-лармен бірлесіп жұмыс жасайды. Мұнда оқитын әрбір студент шетелге шығып өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар.

Мектеп қабырғасын «Алтын белгімен» бітіргенімде менің алдымда үлкен таңдау тұрды. Ол - мамандық таңдау. Демек, сол мамандықты

менгеріп шығатын университетті таңдау. Көп толғанып, көп ойландым. Ойлана келе ҚазҰУ-ға жететін университет жоқ екеніне көзім жетті. Содан мен, «География және табиғатты пайдалану» факультеті, «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасы, «Кадастр» мамандығының грант иегері атандым. Себебі, қазіргі таңда, заман талабына сай қоршаған ортада, географияда, кадастрда, ГАЖ технологияларында, метеорологияда, гидрологияда, туризмда болып жатқан жаһандық және аймақтық өзгерістер ұлттық қауіпсіздік және мемлекетіміздің тұрақты дамуында өте маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарға климаттық өзгерістер және бейімделу, су және энергетикалық қауіпсіздік шықты. Кеністікті, территорияны, ресурстық потенциалды, болып жатқан үрдістерді үнемі қадағалау негізінде шешім қабылдауды кешенді бағалауды, ең маңызды трендтерді анықтауды тек география ғана жүргізе алады, соның нәтижесінде бейімдеудің тиімді механизмдерін құрастыруға болады. Факультетіміздің АҚШ, Германия, Австралия, Австрия, Польша және т.б. мемлекеттер университеттерімен байланысы өте жақсы дамыған.

ҚазҰУ- көз тартар әсем табиғатымен, жаңа жайлы жатақханасымен, жана технологиялық құрал-жабдықтармен жасактандырылған оқу корпустарымен, демалыс саябақтарымен

айрықша көзге түседі. Расымен де, осындай жан-жақты ресурстармен қамтамасыз етілген қалашықты елемей өтуге болмайды. Оған қоса, барша студенттің талантын, өнерін ортаға салуға мүмкіндік беретін киелі сахна төрі орналасқан Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы алыстан мен мұндайды. Мұның бәрі - ерен еңбектің жемісі, жетістіктің айғағы, бірліктің көрінісі.

ҚазҰУ студенттерінің өмірі қызыққа толы да әсерлі. Әр студенттің жадында қалар мәңгі естеліктер десек қателеспеймін. Осы мақсатта, ҚазҰУ қабырғасында әртүрлі ұйымдар жұмыс істейді. Мысалы: «Студенттер сенаты», «Сұңқар» ұйымы, «Болон үдерісі бойынша студенттік бюро», «Көмек» ұйымы және т.б. Бұл ұйымдардың әрқайсысының өзіндік жұмысы мен қызметі бар. Ұйымдар студенттер үшін оқудан тыс қоғамдық өмірге белсене араласуына ықпал тигізеді. Оқу жылы ішінде университетімізде әр түрлі сайыстар және кештер өтеді.

Сөз соңында айтарым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті болғанымды мақтан тұтамын. Менің сүйікті университетім, абыройың аспандап, туынды Ұлы даланың самал желі желіп, мәңгілік ел Қазақстанымды гүлдендіруге зор үлес қосып, келешекке қарай өмір мұхитында құлаштап жүзе бер, жүзе бер!

Ж. ҚУАНЫШБАЙ,

география және жерге орналастыру, кадастр

кафедрасының 1-курс студенті;

К. ОРАЗЫМБЕТОВА,

география және жерге орналастыру, кадастр

кафедрасының доценті, г.ғ.к

Оңтүстік Кореяның «КореяYWCA» үкіметтік емес ұйымы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының студенттеріне корей ұлттық костюмдерін табыстады

«Қызыға жаз, қыза жаз, қызықтыра жаз! Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз! Бізамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз!» деп Ғабит Мүсірепов өсиет еткендей, халқымен жаны бір екенін ешқашан естен шығармай, тәуелсіз халқының жетістіктерін де, жетістікке жетсе де мұңы таусылмайтын жұртының шерін де сараптай тыңдап, мәселені байыппен шешер асыл сөздің көшін өрлерет асыл перзенті болуға ұмтылған жас тілшілерге арналған «Журналист болғың келе ме?» байқауының шешуші кезеңі аяқталды.

«Қызыға жаз, қыза жаз, қызықтыра жаз!..»

Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентінің 11-сынып оқушысы Мамбетова Жансая, Алматы қаласы, 172 мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы Толғанай Қажығұмарова, Алматы қаласы, 148 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Ақбота Ахметова, Назерке Иманалы және т.б. иеленді.

Сондай-ақ ІІ дәрежелі дипломдармен Қапшағай қаласындағы «Орта мектеп-гимназиясының» 10 сынып оқушысы Назым Наурызбекова, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Әлкей Марғұлан атындағы мектептің 11 сынып оқушысы Шолпан Алданыш, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әлі Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейдің 10 «Б» сынып оқушысы Аружан Тілесхан, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылының Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 10 сынып оқушысы Айғаным Тұрысбек, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Абай атындағы орта мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы Айсұлу Сьезхан марапатталды.

Форумға қатысушылар ең үздік видеожобасымен танылған І-дәрежелі диплом иегері Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жана тұрмыс ауылы, N53 Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Алтынай Маликаждарованың «Егер мен журналист болсам!», «Аяласаң, табиғатты аяла!» видеосюжеттерін тамашалады. Ең үздік видеожобалармен танылған І-дәрежелі диплом иегерлерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Жидегүл Әбдіжәділқызы марапаттап, сөз сөйледі.

Байқауға қатысушы, жөнімпаз оқушылардың бірі Еңсеп Шұғыла өз шығармасында: «Журналист болғым келеді... Сан қилы, қатпарлы ойларымның түйіні, менің албырт жүрегімнің калауы – осы мамандық. Әр адамның өмірлік ұстанымы, аласармас



арманы болады. Армандаудан кем де емеспіз, бірақ мен ең бастысы журналист боламын деген арманымды шындыққа айналдыруды мақсат тұттым. «Бізәлі жүрек, долы қол, Улы сия, ащы тіл», – деп хакім Абай айтқандай, шындықты шағып тұрып айтар менің рухы берік жаным жазуға құштар, ал құштар жаным соны қалайды», – деп өзінің мамандыққа деген кіршіксіз арман-мақсатын жеткізеді.

Ал Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласындағы В.Г.Белинский атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Сейтханова Салтанат: «Қазіргі таңда ел аузына ілініп, халыққа танымал болған журналистерді көргенде жаным рахаттанады. Олардың жеткен табыстарына қуанамын. Атақ, даңқ алмай-ақ, халық есімін құрметпен атайтын адам болу қандай бақыт!

Үлкен лауазым иесі болмай-ақ, шырылдап жүріп ізгілікке, жақсылыққа жету жолында қызмет етудің қуанышы қандай! Сондықтан да өз қолыммен біреуге бақыт сыйлап, біреуді шаттандыруды нәсіп етсе, менен мықты, менен шешен адам болмас еді деп есептеймін.

«Тілші болу – тіл өнеріндегі қасиетті шыңды, шешендікті бағындыру», – деген қанатты сөзді өмірлік кредо етіп алып, бар күш-жігерімді осы жолға арнаймын. Алдағы сындардан сүріндірмес қос қанатым – білімім мен қуат-күшімді осы жолға бағыттаймын», – деген толғаныстары жас тілшінің асқақ армандарын қанаттандыра түскендей болды.


Шара барысында еліміздің барлық аймақтарынан келген мектеп оқушылары «Ұлан», «Дружные ребята» редакцияларында қонақта болып, «Қазақфильм» киностудиясына саяхат жасады.

Форум соңында барлық марапат иелеріне Әл-Фараби төсбелгісі мен университеттің арнайы сыйлықтары табыс етілді. Журналистика факультетінің 4 курс студенті Бибарыс Амангелді пен жас әншілер Дәуір Сағындықов, Серік Ерландар қазақ әндерінен шашу шашып, музыкалық сәлемдерін жолдады.

Ғалия МАЙКОТОВА,
журналистика факультетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

На факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби состоялся XI Республиканский Форум юных корреспондентов, на котором наградили победителей конкурса школьных сочинений «Хочешь быть журналистом?» Организаторы – факультет журналистики и республиканская газета «Дружные ребята».

ФОРУМ ЮНЫХ КОРРЕСПОНДЕНТОВ



В этом году на конкурс сочинений «Хочешь быть журналистом?» поступило более ста работ из разных уголков Казахстана: Нур-Султан, Шымкент, Ақтобе, Костанай, Караганда, Восточный Казахстан. Одиннадцатый год факультет журналистики собирает самых талантливых ребят, которые связывают своё будущее с профессией журналиста.

Учащиеся более тридцати школ страны писали, сочиняли. На Форуме подвели итоги Конкурса школьных сочинений «Хочешь быть журналистом?», на котором в этом году было заявлено пять свободных тем: «Как стать интересным собеседником?», «Любимый уголок школы», «Самая лучшая профессия», «Зачем современному человеку соцсети?», «Если бы Пушкин издавал газету сегодня... К 220-летию со дня рождения». Естественно, больше всего современных подростков интересует всё, что связано с соцсетями. А еще они не прочь написать целые инструкции,

приводить личные примеры.

Также на Форуме гости прослушали мастер-классы от ведущих журналистов страны. Медиаперсоны, выпускники журфака КазНУ разных лет – Дана Орманбаева, Ольга Пастухова, Дана Агшабарова, Малика Дауылбай – каждая рассказала о своем пути в профессию.

Провели викторины и интересные конкурсы, гости написали репортаж с Форума. Одарили отличившихся сладкими призами. А еще пели, смотрели ролики, снятые первокурсниками, оценили сценку про молодых журналистов от студентов-актеров театра «Эйдос». Прекрасно справились с ролью ведущих первокурсники – Камилла Карымсакова и Денис Брагин, который, кстати, был победителем конкурса прошлого года.

Спасибо постоянным спонсорам Форума. Педагогов отметили дипломами КазНУ и подарками от Каспбанка. Учащиеся получили Дипломы журфака и книги от Генерального Консульства Российской Федерации в Казахстане.

Одиннадцатый год мы, команда энтузиастов, организуем и проводим в весенние каникулы это состязание молодых талантов, конкурс, который сотням человек дал путевку в жизнь. Яркую, насыщенную событиями жизнь настоящих журналистов.

А мы? Мы помогаем талантам.

Лариса НОДА,
ст. преподаватель факультета журналистики, лауреат Международного Пушкинского конкурса, лауреат премии Союза журналистов Казахстана

ЖАСТАР ЖЫЛЫ – жасампаздық бастауы



Арман қанат бітіреді, алысқа жетелейді. Студенттік өмірдің қызығын менімен бірге қазіргі сәтте талай түлектің арманына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бөлісуде. Құлаш жайып, қанат қаққан түлектің асыл арманы ҚазҰУ-мен ұштасты. Мен филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студентімін. Алдағы міндет – оқуды жақсы оқу, ата-ана үмітін ақтау, елге адал қызмет ету. Бұл міндеттердің бәрі қайта келмес жастық шақтың еншісінде.

Мен еліміздің еңселі ертені үшін жас ұрпақ есебінен үлес қосқым келеді. Келешекте «Дипломмен—ауылға!» бағдарламасымен жұмыс жасағым келеді. Ауылда жұмыс жасаудан еш қорықпаймын. Себебі ауыл – мемлекеттің тірегі, ұлтжандылық пен рухани күштің қайнар көзі. Еліміздің шалғай аудандарында орналасқан мектептерге жас әрі талапты, жетекші оқу орнында білім алған, заманауи технологияға сай білім беретін мамандар барса нұр үстіне нұр болатын еді. Ауылда да дарында балалар көп. Олар да заман талабына сай білім алып, үш тілді еркін меңгерсе, болашақтың негізін қалайтын жасампаз жастардың қатары көбейетініне мен сенімдімін.

Бұл тек бір мүмкіндіктер торабынан бір мысал ғана. Жаңа жастар жылында шетелде білім алу, коздипломды оқу, тұрғын үйге қол жеткізу және жеке кәсіпкерлікті дамытуға бірден бір жол ашылып отыр. Тек осы мүмкіндіктерді дұрыс әрі тиімді пайдалану қажет деп санаймын. Жастар бұл бағдарламалардың арқасында өз болашақтарын өздері қалай алады. Мемлекет тарапынан, шүкір, қолдау жеткілікті.

Себебі жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді бөлігі, қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан ел тірегі жастар екенін әсте естен шығармаған абзал. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу жолында жастардың атқаратын рөлі зор деп білемін. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда жастар саясатының мақсаты – жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау екені көрсетілген. Мемлекеттік жастар саясаты рухани-мәдени құндылықтарға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұрпақтар сабақтастығына, отбасылық тәрбиенің басымдығына негізделген.

Қазіргі заман – білім мен ғылымның, озық технологияның және мықты бәсекенің уақыты. Бұл уақыттың ағымына жастар сенімділікпен ілесе отыра, өз туған жерін көркейту жолында аянбай қызмет етуі тиіс. Елбасының жастарды ерекше атап өтуі, жастардың бойында жауапкершілікті арттырады. Жауапкершілікті алу көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін бәріне де дайын болу дегенді білдіреді.

Жаңа жастар жылын жасампаздық жылы деп қарсы алдық. Бізге жүктелген басты міндет – заманауи өзгерістер мен жаңарудан қалыс қалмай, бәсекеге қабілетті болу, заман сұранысына жауап бере алу. Гүлденген Қазақстанның гүл болашағына сеніммен қадам жасау қажет. Бұл жолда ұлы даланың бабалар рухы мен бойдағы сенімділік, озық білімді серік етеміз.

Гүлфайруз УЙДАН,
филология және әлем
тілдері факультеті
Жетекші:
Назира ДОСАНОВА

СОЕДИНЯЯ МОСТЫ

Заведующий кафедрой химической физики и материаловедения Марат Тулепов в рамках гранта «Лучший преподаватель вуза-2018» был командирован в Нанкинский университет науки и техники (Китай).

Сотрудничество между вузами началось еще три года назад во время визита профессора Shen Rui Qi, декана школы химической инженерии Нанкинского университета в Казахстан для участия в IX международном симпозиуме «Физика и химия углеродных материалов - нанотехнологии». Shen Rui Qi стал иностранным руководителем для PhD докторантов кафедры химической физики и материаловедения КазНУ. Вместе с Тулеповым они обсудили вопросы взаимного сотрудничества в сфере образования, научных исследований, студенческой и академической мобильности между университетами, в том числе возможность обучения докторантов и магистрантов Казахстана и китайской стороны в вузе-партнере по краткосрочным и долгосрочным образовательным программам специальностей «Химическая технология взрывчатых веществ и пиротехнических средств» (Казахстан) и «Химическая инженерия» (Китай).

Также были рассмотрены возможности совместного участия сотрудников университета в совместных проектах на

паритетных условиях, магистерские программы двойного диплома, вопросы стажировки, повышения квалификации профессорско-преподавательского состава. Кроме Марата Тулепова в Нанкинском университете прошли стажировку магистранты Бикен Серикбаев и Дана Толеп. Докторант 3 курса Сабит Турсынбек проводит свои экспериментальные работы на тему «Газохимические патроны специального назначения».

Предметом дискуссии также была организация совместных научных форумов, симпозиумов, конференций, краткосрочных тренингов и семинаров, совместная публикация трудов в периодических изданиях вуза-партнера, журналах, имеющих высокий импакт-фактор. По результатам обсуждения был подготовлен материал для подачи заявки на международный симпозиум «Физика и химия углеродных материалов», который будет проходить в Алматы в сентябре 2019 года.

Кафедры химической физики и материаловедения

ӨНЕР МҰРАЖАЙЫНДА...

Университетіміздегі «Салауатты өмір салты» атты жобаны жүзеге асыру шеңберінде «Геодезия және картография» мамандығының 1 курс студенттеріне қаламыздағы көрнекті мәдени орталық - ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайына экскурсия ұйымдастырылды.



Бұл іс-шараны ұйымдастырудағы мақсат студенттерді 1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының және Республикалық қолданбалы өнер музейінің қоры негізінде қаланған мұражайдағы бейнелеу өнері мен дәстүрлі және заманауи қолданбалы өнердің ғажап коллекциясымен таныстыру болды.

Мұражайды аралау барысында студенттер батыс, орыс және кеңес өнерінің және шығыс халықтарының қолданбалы өнерінің жинақтарын, сондай-ақ 19-20 ғасырлардағы казак қол өнерінің жоғары деңгейін көрсететін күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, киіздер мен текеметтер, түкті және тақыр кілемдер, кестелі кілемдер мен ағаш пен теріден жасалған заттарын тамашалады.

Мұражай коллекциясынан төрт ғасырлық Еуропа өнерінің бейнесін көрсететін 16-19

ғасырлардағы Италия мен Францияның, Голландия мен Фландрияның, Германияның, Англия мен Австрия суретшілерінің жұмыстары да табылды. 16 ғасырдағы италиян суретшісі Камбиазоның, 17 ғасырдағы голланд суретшілері Хальстін, Бейерен мен Кейптің, Рембрандтың ғажап туындыларын тамашалап үлкен әсер алды.

Студенттер адамның өзі мен қоршаған ортаны таныстыратын көркемдік қызметінің материалдық айғақтарын жинап, сақтап, зерттеп-зерделеп, көрмеге қойып, көрерменге таныстыратын мұражайды тамашалап, рухани-мәдени және мол ақпараттық мағлұмат алды.

У.ҚОЖАХМЕТОВА,
геоинформатика және
картография кафедрасының
аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №732

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.